

*Байқабылов Өсербай Алимханович*  
*Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік*  
*педагогика институтының аға*  
*оқытушысы*  
*Өзбекстан Республикасы*

## **БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОРНЫ**

*Аннотация. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар саласындағы болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуында ұстаздардың атқаратын рөлі.*

*Түйінді сөздер: ақпараттық технология, ғылым, білім, педагогика,*

*Baikabylov Userbay Alimkhanovich*  
*Senior teacher of Chirchik state Pedagogical Institute*  
*The Republic of Uzbekistan*

## **THE ROLE OF INFORMATION TECHNOLOGIES IN EDUCATION**

*Annotation. The role of teachers in teaching and educating future generations in the field of information and telecommunication technologies.*

*Keywords: information technology, science, education, pedagogy.*

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру және онымен тығыз байланысты білім беруді ақпараттандыру жетілгендігімен, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың (АТТ) кеңінен таратылуымен сипатталады. Олар ақпаратты тарату үшін және мұғалімдер мен білім

алушылардың өзара әрекетін қамтамасыз ету үшін білім берудің қазіргі жүйесінде кеңінен қолданыс табуда. Арнайы жағдайда көптеген технологиялар оқушыларды оқыту және тәрбиелеу сапа-сын арттыруға айтарлықтай әсер ететіндігін түсіну қажет.

Қазіргі мектеп мұғалімдерінің кәсіби дамуының маңызды мәселелерінің бірі олардың ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану саласындағы жеткіліксіз кәсіби деңгейі болып табылады. Алдыңғы кезекте, мұндай мұғалімдердің кәсіби деңгейінің жеткілікті деңгейде қалыптаспауы оқушыларды оқыту тиімділігінің айтарлықтай төмендеуіне әсер етеді.

Осыған орай мұғалім ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар саласындағы білімді игеріп қана қоймай, соны-мен қатар оларды өз кәсіби іс-әрекетінде қолданатын маман болуы қажет. Мұндай мақсатқа білімді ақпараттандыру және оқытудағы мәселелерді ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Болашақ және бұрыннан жұмыс жасап келе жатқан педагогтарға білімді ақпараттандыру екі стратегиялық мақсатқа жетуді қамтамасыз ету қажеттігін білу маңызды. Біріншісі - ақпараттық және қатынастық технологияларды пайдалану негізінде білім беру іс-әрекетінің барлық түрлерінің тиімділігін арттырумен анықталады. Екіншісі – ақпараттық қоғамның сәйкесінше талаптарын қанағаттандыратын жаңа типті ойлайтын мамандарды даярлаудың сапасын артты-ру. Ақпараттандыру әдістері мен құралдарының көмегі арқылы болашақ маман қандай ақпараттық ресурстар барлығы, олардың қайда орналасқандығы, оған қалай қолжеткізуге болатындығы және оларды өз кәсіби іс-әрекетінің тиімділігін арттыру мақсатында қалай пайдалану қажеттігі туралы сұрақтарға жауап алуы қажет.

Аталған пән білім алушыларды қазақ тілі және әдебиетін оқытуда Ақпараттық-қатынастық технологиялар құралдарын негіздей және тиімді

қолдануға даярлауға бағдарланған. Бұл пәнде Қазақ тілі және әдебиетінен орта білім беруді ақпараттандырудың жалпы мәселелері, ақпараттандыру құралдарын қолданудың мақсатқа лайықтылығы мен тиімділігі, олардың қызметінің техникалық қырлары қарастырылған. Бұл пәнді үренуде педагогтарды білімді ақпараттандыру құралдарының жіктемесімен, гипермәтін, мультимедиа және гипермедиа, қолдану ерекшелігімен, білім беру электрондық басылымдары мен ресурстарының сапа-сын саралау мен бағалау, білім алушыларды оқытуда ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану әдістерімен таныстыруға мүмкіндік береді. Аталған пәннің мақсаты:

1. Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдерін ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды жалпы орта білім беруде қолданудың жағымды қырларымен таныстыру;

2. Ақпараттық қоғамда білімді ақпараттандырудың рөлі мен орны туралы түсінікті қалыптастыру;

3. Ақпараттық-қатынастық технологиялар құралдарын тиімді қолдану саласы мен құрамы туралы түсінік қалыптастыру;

4. Жалпы орта білім беру саласында ақпаратты құру, өңдеу, көрсету, сақтау және тасымалдау технологияларын тиімді қолдану саласы мен құрамы туралы түсінік қалыптастыру;

5. Ақпараттандырудың жалпы әдістерімен, оқыту үрдісінің барабар қажеттіліктерімен, оқыту нәтижелерін бақылау және өлшеумен, жалпы орта білім беру жүйесінің оқу мекемелеріндегі оқудан тыс, ғылыми-зерттеушілік және ұйымдастырушылық-басқару іс-әрекетімен таныстыру;

6. Ақпараттық-қатынастық технологиялардың құралдарына қойылатын талаптар, олардың сапасын бағалаудың негізгі принциптері туралы білімді қалыптастыру;

7. Педагогтарды ақпараттық білім беру ортасын қалыптастыру мен енгізуге қатыстыруға тұрақты мотивация қалыптастыру;

8.Қалыптасып келе жатқан білімді ақпараттандыру тіліне оқыту;

9.Мұғалімге қазіргі әлемдегі ақпараттық технологиялардың жәрдемі мен қазақ тілі және әдебиетін оқушыларға түсіндіруге қосымша мүмкіндіктер беру;

10.Түрлі педагогтардың Ақпараттық-қатынастық технологиялар құралдарын өзінің кәсіби іс-әрекетінде қолдану саласының мүмкіндіктерін теңестіру;

Осы пәннің мазмұны жалпы орта білім беруде қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында қолданылатын ақпараттық қатынастық технологиялар құралдары ретінде қарастырылатын білім беретін электрондық басылымдары мен ресурстарын сараптау мен қолдану, құрудың негіздерін қамтиды. Бұл салада әлі де болса шешілмеген мәселелер көп. Оған мұндай құралдардың оқыту үдерісіне бара-барлығы, ақпараттандыру құралдарының мазмұнының ғылыми деңгейін, мағыналық және стилистикалық мәдениетін арттыру, мектеп іс-әрекетінің түрлі салаларында енгізілген жеке білім беру басылымдары мен ресурс-тар арасындағы интерфейстік, технологиялық және ақпараттық байланыстың қажеттілігі жатады.

Пән мазмұнын жүйелейтін негізгі бағыттар ретінде, білімді ақпараттандырудың маңыздылығы, мақсаттары және ерекшеліктері, техникалық құралдары және білімді ақпараттандыру технологиялары, білім беру іс-әрекетін ақпараттандыру әдістері іріктелген, ақпараттық білім беру ортасын және жалпы орта білім берудің ақпараттық білім беру кеңістігін қалыптастыру негіздері, білімді ақпараттандыру саласында педагогтарды оқытудың ерекшеліктері келтірілген.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару

оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Өзбекстан әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда.

Білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қадыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан оқытушының біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор.

Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Бұл күнде оқыту технологиясы үлкен өзгеріске ұшырап отыр. Оқытушылар мен студенттерге әртүрлі дидактикалық материалдармен қоса оқытудың техникалық құралдары жәрдемге келеді.

Білім беруді ақпараттандыру процесі пән мұғалімдеріне, әдіскерлерге жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне жан-жақты пайдалану саласына үлкен талап қояды.

Мұғалім – ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуальды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді.

Білім беруді ақпараттандыру – бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияның құралдарын білім беру саласына қолданудың методологиялық және тәжірибелік құндылықтарын зерттеп, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарына бағыттап қамтамасыз ету процесі. Бұл процесс мына бағыттар бойынша жетілдіріледі:

- білім беру жүйесінің басқару механизміндегі ғылыми-педагогикалық ақпараттар мен ақпараттық-әдістемелік материалдарды автоматтандыру арқылы оның қолданылу аясын жетілдіру және басқару ісіне коммуникациялық желілерді қолдану;

- ақпараттық қоғам жағдайында жеке тұлғаның даму бағыттарының міндеттерін негізге ала отырып, оқытудың мазмұнын, әдістері мен оны ұйымдастыру формаларын таңдау мен оның методологиясын жетілдіру;

- үйренушінің интеллектуальдық қабілетін дамытуға, өздігінен білім алуға, түрлі ақпараттарды өздігінен өңдеу сияқты әрекеттерге бағытталған оқытудың әдістемелік жүйесін ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы құру;

- үйренушінің білім деңгейін бағалау мен бақылау әдістерін талдау бағытында компьютерлік тестілеуді құру мен оны қолдану.

Білім беруді ақпараттандыру процесі жағдайында жеке тұлғаның интеллектуальдық, қоғамдық, экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық сияқты іс-әрекеттерін түрлі салаларға қолдану арқылы құзырлықтарын қалыптастыру негізгі талаптардың біріне айналады.

Білімді ақпараттандыру ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың білім мақсатындағы құралдарын жасау, са-раптау мен қолданудың ғылыми негіздерін қамтиды. Бұл салада әлі шешілмеген мәселелер көп. Бұларға осы құралдардың оқу үдерісінің шынайылығына сайлылығы, ғылыми деңгейін, ақпараттандыру құралдары мазмұнының мәндік және стилисти-калық мәдениетін көтеру, мектеп пен жоғары оқу орнының әр түрлі қызмет саласында іске қосылған білімді ақпараттандырудың жекелеген құралдары арасында интерфейстік, технологиялық және ақпараттық байланыстың қажеттілігі мәселелерін жатқызуға бо-лады.

Білімді ақпараттандырудың тағы бір бағыты білімді ақпараттандыру технологиялары мен құралдарын жасау мен қолдану бойынша мамандандырылған мамандар дайындау болып табылады.

Осылардан басқа білімді ақпараттандыруға тағы күндізгі және қашықтан оқытуда ақпараттандыру құралдарын пайдалану әдістерін, виртуалды оқу орындары қызметтерінің ерекшілік-терін, мектеп пен жоғары оқу орындарының ата-аналармен, жұртшылықпен әрекеттестігіне ақпараттық технологияларды қолдану мәселелерін, сол сияқты басқа да көптеген мәселелерді жатқызуға болады.

Екшей келгенде, білімді ақпараттандыру бұл тағы педагогтарды дайындау мен қайта дайындау жүйесінің бөлігі болып табылатын оқу пәні екендігін де ұмытпаған абзал. Бұл пәннің алдына жеткілікті кең мақсаттар, оның ішінде:

1. Ақпараттық және қатынастық технологияларды білім саласында пайдаланудың жағымды қырларымен педагогтарды таныстыру;
2. Білімді ақпараттандырудың ақпараттық қоғамдағы рөлі мен орны туралы түсінік қалыптастыру;

Білімді ақпараттандырудың техникалық құралдарының түрлік құрамы мен оларды тиімді оқдану аясы туралы түсінік қалыптастыру;

3. Білім саласын ақпарат құру, өңдеу, өрнектеу, сақтау және тарату

технологияларының түрлік құрамы мен оларды тиімді қолдану аясы туралы түсінік қалыптастыру;

4. Оқу орнындағы оқу үдерісінің талаптарына, оқыту нәтижелерін бақылау мен өлшеуге, оқудан тыс, ғылыми-зерттеу және ұйымдастыру-басқару қызметтеріне сай ақпараттандырудың жалпы әдістерімен таныстыру;

6. Білімді ақпараттандыру құралдарына қойылатын талаптар, олардың сапасын бағалайтын негізгі принциптері мен әдістері туралы мағлұматтар қалыптастыру;

7. Педагогтарға жалпы білім беру саласында, оның ішінде, кәсіптік қызметтің нақты саласында да ақпараттандыру құралдарын іс жүзінде пайдаланудың стратегиясын үйрету;

8. Педагогтарды ақпараттық білім ортасын қалыптастыру мен ендіруге қатысуының орнықты мотивациясына (қызығушылығына) төселдіру;

9. Білімді ақпараттандырудың қалыптасып келе жатқан тіліне үйрету;

10. Педагогтарға қазіргі дүниедегі ақпараттық технологиялардың рөлі мен орнын оқушыларға түсіндірудің қосымша мүмкіндігін беру;

11. Өз кәсіптік қызметінде ақпараттық құралдарды пайдалану аясындағы әр түрлі педагогтардың мүмкіндіктерін теңестіру тұр.

Келтірілген мақсаттар көп жағынан білімді ақпараттандыруды оқытудың мазмұнын, демек осы кітаптың құрылымы мен негізгі мазмұнын да анықтайды.

Жаңа технологиялар - болашақ педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Сыртқы эффектіні қуып кетпей, оқыту программасының тек сыртқы емес, ішкі тиімділігіне көп көңіл бөлген дұрыс. Компьютердің сызбалық мүмкіндігін



молдығы дәрістік экспериментті бояулы суреттермен, сызбалармен, кестелер мен байыта түсуге жол ашады, оларды есеп шарттарына да пайдалануға болады.

Компьютерді мұғалім косымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұндай мәліметтерге физикалық формулалар, физикалық шамалардың өлшем бірліктері, графиктер, схемалар, иллюстрациялар, физикалық құбылыстардың динамикалық бейнесі, тәжірибеге арналған құрылғылардың тізімі, аспаптардың сипаттамалары және т.б. жатқызуға болады. Мұғалім араласпай-ақ, оқушылар өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уақыт үнемдейді, қарастырып отырған кезеңде ақпараттың толықтығын жоғарылатады, ақпараттық-анықтамалық жүйе құрамында электрондық құрылғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Жаңа ақпараттық технология құралдарын сабақтарда пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді. Есептеу техникасымен жұмыс жасату оқушылардың алгоритмдік дүниетанымын қалыптастырады:

- өз әрекетін саналы түрде жоспарлайды;
- құбылыстарға модельдер құра біледі.

Тәжірибе жүзінде дәлелденгеніндей, кез келген мұғалімге өз қызметтеріне компьютерді пайдалануы олардың әлемдік ақпараттық кеңістікке енуде ақпараттық мәдениетінің қалыптасатынымен өлшенеді. Сонымен бірге, бұл жағдайда, инновациялық әдістер мен құралдарды оқу

процесіне пайдалану оқушылардың мектеп пәндерін игеруде қызығушылықтарын арттыруда. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне пайдалану оның келесі педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- студенттің дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану;

- оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік компьютерлік ойындар және т.б.);

- проблемалық, зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;

- жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедиа-технология) пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Мамандардың біліктілігін көтеру міндеттерін шешуде оқу процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдаланудың келесі мүмкіндіктері ұсынылады:

- ақпараттық мәдениет элементтерін қалыптастыруда білім мекемелерінің мамандарының қажеттілігін қанағаттандыру: желілік технологиялар саласы бойынша жаңа білімдер алу;

- пән мұғалімдерін жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуге үйрету;

- қашықтықтан оқыту формаларына мұғалімдердің қызметін бағыттау;

- облыстағы білім беру мекемелерін ақпараттандырудың ғылыми-әдістемелік бағыт бойынша жетекшілік ету;

- оқу процесі мен ғылыми-әдістемелік жұмыстарға жаңа ақпараттық технологияны қолдану негізінде олардың озық тәжірибелерін тарату.

Білім беру мекемелерінің қызметкерлерінің жаңа ақпараттық технологияны меңгерту саласы бойынша біліктілігін көтерудің даярлау міндеттерін шешуде осы сала бағытында өткізілетін курстарды сабақтастыру процесі жүзеге асырылуда.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру-жаңа ақпараттың технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын арттыруды негіздейді.

«Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде, жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» - делінген.

Осыған орай бүгінгі ұстаздардың алдында оқушыға білім, білік дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, яғни жан-жақты, азат, шығармашыл, өз бетімен, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеттері тұр.

Қазіргі оқыту барысында қолданылып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне, оқытудың тиімділігінің негізін құруға бағытталған. Соның бірі-ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану білім сапасын арттырудың тиімді жолы болып отыр.

Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделген.

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты-оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу

материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер оқу үшін оқу құралы, ал мұғалім үшін жұмысшы болып табылады.

Қазіргі таңда білім жүйесінің барлық саласы компьютерленген сондай-ақ, ақпараттандыру тәсілінің тиімді жетістіктерінің бірі-интерактивті тақтаның қолданылуы көп мүмкіндікке жол ашуда. Интерактивті тақта мүмкіндігін пайдалана отырып өткізген сабақтар мұғалімнің оқу процесінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таңғалдырады, шабыттандырады, қызықтырады. Оқушылар ойнап отырмыз деп ойлайды, шындығында олар қызығып, таңғалып, шабыттанып отырып білім алады деп ойлаймыз.

Соңғы кезде білім беруде АКТ пайдалану бағыттары табысты дамып келеді. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияның инновациялық құралдарын қолдануда оқытудың тек қана формасы мен әдісі өзгеріп қана қоймайды, сонымен бірге оқу үрдісін жаңаша басқару және қадағалау әдістерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады.

И.В.Роберт ақпараттық технологиялар орталарын пайдаланудың келесі педагогикалық мақсаттарын анықтайды.

1. Ақпараттық технологияларды қолдану негізінде оқу- тәрбие үрдісінің барлық деңгейін жетілдіру:

- оқыту үрдісінің ықпалы мен сапасын арттыру;
- танымдық қызметінің екпінділігін арттыру.
- пәнаралық байланысты тереңдету.
- қажетті ақпаратты іздеуді оңтайландыру және көлемін ұлғайту.

2. Оқушы тұлғасын дамыту, ақпараттық қоғам шартында өмір сүруге даярлау:

- ойлардың түрлі формаларын дамыту,
- коммуникативтік қабілеттерді дамыту,
- күрделі жағдайларда оңтайлы шешім немесе шешу нұсқаларын қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
- компьютерлік графика, мультимедиа технологиясын пайдалану арқылы эстетикалық тәрбие беру.
- ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, мәселені немесе жағдайды модельдеу біліктілігін дамыту, ақпаратты өңдей білу.
- эксперименталдық- зерттеушілік қызметті іске асыра білуді қалыптастыру.

### 3. Қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау:

- ақпараттық сауаты бар тұлғаны даярлау.
- компьютерлік орталарды пайдаланушыны даярлау.

Оқушылардың пәнді жақсы игеруінің басты шарты оқытушының осы сабаққа деген қызығушылықты тудыра білуінен басталады. АКТ – педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал , бірақ ол оқытушыны алмастыра алмайды. АКТ қолдану мақсаты – сабақты компьютермен сүйемелдеу ісін жүргізуге асыру, яғни:

- Компьютер арқылы оқу сапасының артуына ықпал жасау;
- Оқыту аймағының кеңеюіне байланысты оқушының білім деңгейінің қоғамның әлеуметтік талабына сай болуы,
- Компьютерлік технологияның бұрынғы дәстүрлі пәндерге енгізілуі, оның игеру мүмкіншіліктерін арттыру.

Компьютермен оқытудың өз мақсаты, мазмұны, формасы және ерекше өткізу тәсілі бар екені белгілі. Осындай сабақтар жасаудың мынадай негізгі кезеңдері болады:

- Оқыту мақсатын анықтау;
- Өтілетін тақырыптың, бөлімнің материалдарын талдау, керектілерін таңдап алу және оның сценарийін құрастыру.

- Сабақты жүргізудің бағдарламасын жасау.
- Оқу үрдісінде компьютерлік сүйемелдеуі бар сабақты кіргізу.

Компьютерлік тестілеуді енгізу арқылы оқушылар жұмысының тиімділігі мен мазмұны туралы кері байланыс қамтамасыз етіледі. Компьютерлік жаппай бақылау жағдайында барлық оқушыларға сұрақтар немесе мазмұны бірдей тапсырмалар беріледі. Оларды орындау барысында оқушылардың арасында ынтымақтастық, жолдастық сезім пайда болады, бір-біріне сұрақтар қойып, жауаптарын толықтырады, орындалған жұмыстарды өзара тексеріп, іске асырады.

Оқыту үрдісінде АКТ қолдану оқушылардың өзін-өзі бақылауына өте үлкен мүмкіндік береді. Өзін-өзі бақылау олардың оқу бағдарлама материалы мен игерген іскерлігі мен дағдысының беріктігі толық ақпарат алуын қамтамасыз етеді.

Оқыту жағдайындағы ақпараттық технологиялардың орны: сабақ уақытына, сабаққа дайындалу уақытына, жобаны зерттеу қызметінде.

1. Сабақта АКТ қолдану моделі:

- компьютерлік презентациялар көрсету;
- жауаптарды таңдаумен тест жүргізу;
- электрондық оқулықтарды қолдану;

2. Сабақтан тыс жерде АКТ қолдану моделі;

- интернеттен және басқа ақпарат көздерінен ақпарат іздеу;
- қоршаған әлем туралы ақпаратты жазу және бекіту;
- презентацияларды қолдануымен сөз сөйлеуді дайындау және аз сөйлеу.

Ақпараттық технологияны барлық сабақтада қолдану тиімді.

Ақпараттық технологияны қолданып өткен сабақтың құрылымы:

- Айқындылық;
- Логикалық үйлесімділік;
- Ақпараттық сыйымдылық;

Сонымен, қазіргі ақпараттану заманында оқытуды ақпараттық-коммуникативтік қамтамасыз етудің мәні зор екені даусыз. Сондықтан да мен сабақтарымда осы технология негіздерін қолданамын. Оның мүмкіншіліктері: Activ Studio бағдарламасында сабақтың әдістемелік құрылымын сақтай отырып, флипчарттар дайындау, оқушылардың ғаламторға еркін кіріп, ақпаратпен қамтылу мүмкіндігі, сабақтың аудио-видео технологиясымен жаблықталуы, ең бастысы, оқушылардың сабаққа қызығушылығы артып, креативтік іс-әрекетпен айналысуға мүмкіндік ала алады.

Ақпараттық технологияның сабақ үрдісінде қолдану нәтижесі:

1. Ғылым негізін түсіну, ғылым жүйелігін жүзеге асырудың басты шарттарының бірі екендігіне көз жеткізеді;

2. Дүниеге ғылыми, диалектикалық, материалистік көзқарасты қалыптастыру, оқу мазмұнының бір-бірімен тығыз байланыста болуын қамтамасыз етеді.

3. Оқушының жалпы ақыл-ой, дене қимылы, көңіл күйінің үйлесімді дамуына әсер етеді.

4. Қазіргі өндірістің ғылыми негізін меңгеру, техникалық процестер мен құрылымы, оның негізгі принциптерін түсіну жүзеге асады.

5. Тәрбиенің барлық түрлеріне әсер етеді және адамгершілік, саяси-идеялық, эстетикалық, еңбек тәрбиесінің бірлікте болуына бағытталады, оқушылардың еңбегінің мазмұнынан байқалып, олардың алған білімінің жүйелеуіне негіз болады.

6. Оқу мерзімін тиімді пайдалануда артық қайталауды болдырмауға педагогикалық ықпал береді. Осының негізінде оқу тәрбиелік процесін беруді басқару жүйесі қалыптасады.

Сонымен, ақпараттық технологияны қолданып, сабақты ұтымды жүргізу оқытушыдан терең білімділікті, оқу үрдісін шеберлікпен ұйымдастыруды талап етеді. Мұндай сабақ материалдары

әр алуан ғылымдағы өзара байланыстарды оқушылардың зерделеуіне, олардың білімін арттыруға мүмкіндік береді.

### **Әдебиеттер:**

1. Асқарова А., Райымқұлова Ж., Панова А., Орынбасар Д. Білім беру жүйесінде заманауи технологияларды қолдану ерекшеліктері. Шымкент 2015.

2. Есбосын Н. Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер қоржынынан. Алматы. 2017

3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы. Ақтөбе 1998

4. Мурсалимова А. Қазақ тілін оқытуда жағдаяттық тапсырмаларды қолдану. (әдістемелік құрал). Өскемен, 2017.

5. Нұржан Ж. Қазақ тілін оқыту технологиясы. Алматы, 2008 ж.